

А. Данченко

АУА-РАЙЫ БОЛЖАМЫ – ТЕЛЕВИЗИЯ САЛАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ЖАНРЫ

Халқымыз табиғат тылсым құпиясын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс-тіршілігіне арқау етіп, қолдана да білген. Солардың бірі – халықтың ауа-райын болжау тәсілдері еді. Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен халқымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білгені сондай, айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, көз аштырмас боранда жердің шөбіне қарап ел тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып ауа-райын күні бұрын болжап, ерте қам жасап отырған.

Заман өзгерген сайын, халық сұранысы да өзгереді. Бұрынғы кездерде адамдар табиғат құбылыстарына қарап ауа-райын өздері болжайтын еді. Қазіргі заман - жаңа технологиялар заманы. Көптеген жаңа өлшеу, тексеру құралдары пайда болғалы, ауа-райын болжау осындай құралдар негізінде жүзеге асады. Ал алынған ақпаратты халыққа тез арада жеткізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше. Ауа-райы болжамы телевизия саласының ерекше жанры болып табылады. Мені ауа-райы болжамының жанры, телекөрсетілімдерінің ерекшеліктері ғана қызықтырған жоқ, өзімнің ғылыми зерттеу жұмысымда ауа-райы болжамының мәтіндерін үш тілде салыстырамын. Сөздік қорын анықтап, ауа-райы болжамының қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі терминологиясын бір жүйеге келтіру деген мақсатты көздеп отырмын.

БАҚ күнделікті өмірде ауа-райы болжамы туралы толық мәлімет береді. Халықтың назары нақты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ауа-райы болжамдарына түседі. Қазіргі таңда ауа-райы болжамы тақырыбы кеңінен тараған. Ал ақпаратты кез келген жерден табуға болады: интернеттен, тіпті ауа-райына арналған арнайы сайттар да аз емес. Күтілетін ауа температурасы кесте ретінде, циклон ауысуы сызбалар түрінде, жел жылдамдығы және басқа да нақты мәліметтер беріледі. Алайда ешқандай сурет те, сызба да, кесте де тіл байлығын көрсете алмайды.

«Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ», – деді Ғабит Мүсірепов. Тіл – тек адамға ғана тән, аса құдіретті құрал. Сондықтан, тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын, мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор.

Ауа-райын болжау – ауа-райын алдын ала ғылым негізінде анықтау. Алдымен синоптикалық процестер ауа массалары, антициклон, атмосфера шебі т.б. анықталады, соның негізінде метеорологиялық өлшемдердің таралуы және атмосфералық құбылыстар жауын-шашын, тұман, боран т.б. болжанады. Уақыт ұзақтығына байланысты ауа-райы болжамы өте қысқа, қысқа 1-2 тәулікке, орта 3-10 тәулікке жасалады [1, 539 б.].

Қазақ тілі білімінде теледидар тілін зерттеуге әлі де аз көңіл бөлініп келеді. Бұл тақырыпты қарастыруға арналған арнайы, жүйелі теориялық еңбектер де аз. Қазақ тілінде теледидарға қатысты берілген мақалалардың көпшілігі тіл тазалығына байланысты. Қазақ тілінде теледидар тілінің стиліне, тіл тазалығына, тіл нормаларын сақтау ерекшеліктеріне байланысты мәселелері Р. Сыздықова, М. Серғалиев, Ш. Құрманбайұлы, Н. Уәлиев,

Б. Омарұлы, Г. Смағұлова сынды ғылымдар мен қоғам қайраткерлері ғылыми мақалаларында арқау етеді.

Теледидар табиғатын зерттеу қызықты да күрделі мәселе. Себебі оның құрылымы әртүрлі жанрларды қамтиды. Әдебиеттану ғылымы бойынша «жанр – шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиет салалары» деген анықтама беріліп, әдебиетте «орныққан жүйе бойынша эпостық жанр, лирикалық жанр және драмалық жанр» бар екендігін көрсетеді. [2, 752 б.] Тілтануда, лингвистикада қолданылатын жанр термині функционалдық стильдердің, соның ішінде, әсіресе газет-публицистикалық, теледидар, радио стильдерінің ішкі шағын стильдерін ажырату үшін қолданылады. Ауа-райы болжамы – телевизия саласының ерекше жанры ретінде қарастырылады. Телевизия үшін жанр құрылымы үлкен практикалық мағынаға ие, бірақ қазір көбінесе теориялық тұрғыдан зерттелінеді. Телевизиядағы кез келген бағдарламаны белгілі бір жанрға жатқызу нақты практикалық мағынаны құрайды.

Телевизия жанрларының топтастырылуы туралы жарты ғасыр бұрын Р.А. Борецкий «Информационные жанры телевидения» атты еңбегінде жазды. Телевизия жанрларының қазіргі типологиясы бірнеше деңгейді құрайды. Олардың тек екеуі ғана негізгі болып табылады: ақпараттық және публицистикалық. Айта кетер-

лік жайт, публицистикалық жанрға қарағанда ақпараттық жанр әлі де зерттеулерді қажет етеді. Кадр ішіндегі ақпараттық көрсеткіш (түсіндірмелер, репортаж, сұхбат, әңгімелесу, пікірталас, баспасөз жиындары); көркем очерк, деректі фильм, видеофильм. Кез келген көрсетілім, яғни оқылатын немесе айтылатын мәтін алты сипатқа ие болу керек. Осы ерекшіліктерді ескере отыра телетуынды құрылымдық мән-мағынасын жоғалтпау керек. Оларға:

- автор бекітуі;
- бағыттылық;
- сұраныс;
- автордың қолданылатын стилі;
- жанр түрі;
- шығу мерзімі жатады [3, 17 б.].

Телевизия саласында ауа-райы болжамы ақпараттық жанрға жатады және ақпараттық бағдарламалардың қызметі мен міндетін атқарады. Ақпараттық бағдарламалардың қоғамдық мәні өте зор. Ол халыққа қызмет етеді, яғни халық қажеттілігін өтейді. Елімізде, таяу шет ел, шет елдерде болып жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени жаңалықтар легін күнделікті жеткізіп отыру – теледидар, басылым, радионың тікелей қызметі. Мұның ішінде, әсіресе, телеарнада берілетін ақпараттық бағдарламалардың орны ерекше. Ол халыққа аудиалды, визуалды тұрғыда әсер етеді. Ақпарат жеткізудің негізгі құралы теледидардың маңыздылығы жөнінде ғалымдардың өзіндік көзқарастары бар. Мысалы, орыс ғалымы В.В. Егоров: «Теледидар дегеніміз – бұл тек бейне мен дыбыс жеткізудің техникалық тәсілі ғана емес, ол сонымен қатар бағдарлама жасау барысындағы өзіндік талаптары мен оларды адамның түйсінуге қатысты психологиялық әсер етуінің заңдылықтары бар ақпарат жеткізудің ерекше саласы», – десе [4, 196 б.].

А. Юровский: «Басқа ақпарат құралдары, басқа өнер түрлері немесе публицистикамен салыстырғанда теледидар басым жағдайда адамға қоғамның, халықтың рухани тұрмысымен тыныс алуына, басқа адамдармен етене араласып, олардың ойы, іс-әрекеті, мақсаты мен арманы туралы білуіне мол мүмкіндік береді. Міне, оның қоғамдық мәні де осында. Кез келген өнер салалары сияқты теледидар саласы да қоғамның қызығушылығынан, оның қоғамдық қызметінен тыс өмір сүре алмайды», – деп жазды [5, 118 б.].

Қоғамдық өзгерістерге байланысты тілімізде туған жаңа сөздер, жаңа ұғымдарды қазір толық түсініп білу мүмкін емес. Адам өміріне енген жаңа ұғымдар халық ұғымында толық ізін

қалдырып, айқын бейнеленіп бірден сіңісіп кете қоймайды. Осы жағдайларда да ұғымға қойылатын ат кездейсоқ болмайтыны белгілі. Көбінде тіпті бір ұғым бірнеше атпен де аталып жүреді. Терминдік лексиканы қалыптастыруда сол дәуір баспасөзінің орны ерекше. Өйткені қандай да болмасын жаңалық алдымен баспасөз, радио, теледидар арқылы жарияланады. Мерзімді баспасөз сол қоғамдағы әлеуметтік саяси, ресми қаулы-қарарларды өз беттерімен жариялап тұратын ақпараттар ағыны. Осы мәселе тұрғысынан Б.Қ. Момынова: «Қазіргі кездегі өркендеп дамыған бұқаралық ақпарат құралдары оқылатын (визуалды) мерзімді басылымдар, тыңдалатын (аудиалды-радио), аудио-визуалды-теледидар, деректі кино болып үш түрге бөлінеді. Бұлардың коммуникативті құрылымдарындағы кейбір айырмашылықтар болмаса, атқаратын қызметтері ұқсас», – дейді [6, 267 б.].

Ауа-райы болжамының жанрлық ерекшеліктерін ескере отыра, телекөрсетілімдерге қойылатын негізгі талаптар ретінде мыналарды жатқызуға болады:

- **нақтылық.** Айтылатын әр қала атау, сан, градус, жауын-шашын мөлшері нақты болуы тиіс;
- **дыбыс.** Түсініктілікпен қысқа мәтін қарапайым сөзбен айтылу қажет. Тыңдармандар мен көрермендерге деген құрмет мәтін арқылы көрініс табады;
- **дауыс.** Дауыс ырғағы орта деңгейде болу шарт. Тыныс естілмеген жөн. Мәтін анық айтылу қажет;
- **айтылыс.** Әрбір сөз қатесіз айтылу міндетті. Ол үшін жүргізішінің қасында қашанда екпін сөздігі болу керек.

Мысалы американдық журналистика оқулықтарында, бір сөйлемде 13 сөзден артық сөздер қолданбау керек делінген, өйткені сөйлем қаншалықты қысқа болса, сонша түсінікті болады. Қазақстан және Ресей журналистикасында, әсіресе телевизия саласында, осындай ерекшеліктер ескеріледі.

Осы талаптарға сай болу үшін қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі ауа-райы болжамының көрсетілімдері бір-бірінен ажыратылады. Қазақстан, Ұлыбритания және Ресейде ауа-райы болжамының тарату жиілігі әртүрлі. Мысалы Ұлыбританияда ауа-райы болжамы жаңалықтардың соңында ғана емес тәулік бойы бір сағат сайын көрсетіледі, Ресейде екі сағат сайын, ал Қазақстанда тек қана жаңалықтар соңында беріледі. Ауа-райы болжамы көрсетілімінің ұзақтығы да үш елде әртүрлі. Қазақ тілінде ауа-райы болжамы бір жарым-екі минутты құрайды,

орыс тілінде екі-екі жарым минутты, ал ағылшын тілінде бір жарым минуттан-төрт минутқа дейінгі уақыт аралығында беріледі. Осы айырмашылықтың бірден бір себебі – сол елдің географиялық орналасу ауқымы, яғни қалалардың көп не аз болуы және кез келген аймақтың климаттың айырмашылығы. Ауа-райы болжамының нақты қалыптасқан терминологиясы да осыған байланысты. Мысалы, орыс және ағылшын тілінде арнайы ауа-райы терминдері бар, қазақ тілінде жоқ, ауа-райы мәтіндері орыс тілінен қазақ тіліне тікелей аударылады, өйткені метеорологиялық орталықтардан БАҚ-на ақпарат тек орыс тілінде жіберіледі.

Ауа-райы болжамының ақпараттық ретін алдымен жауын-шашын жағдайы құрайды. «Без осадков» сөз тіркесі жауын-шашын мөлшері 20%-дан төмен болған кезде қолданылады. Орыс тілінде дайындалатын ауа-райы болжамында «будет», яғни «болады» деген сөз қолданылмайды. Көбінесе мәтінде «скорее всего, произойдет то-то и то-то...» сөздері қолданылып, нақты пайымдаулардан алшақ болады. Орыс тіліндегі ауа-райы болжамының ерекшелігі- ауа-райын анықтайтын процесті көрсету және ол неге, қалай өзгеретінін түсіндіру болып табылады. Қазақ тіліндегі ауа райы болжамында келер күнде жауын күтілмесе мәтінде «жауын-шашынсыз» деп ғана беріледі. Орыс тілімен салыстырсақ қазақ тілінде келер шақ етістіктері көбірек қолданылады және ауа-райы нақты өзгеретіні немесе өзгермейтіні көрсетіледі. Егер метеорологиялық орталықтан келген ақпарат тек тәуіліктің бір бөлігіне ғана берілсе, түскі иә кешкі уақыта күтілетін ауа райын айту үшін «болуы мүмкін» немесе «ықтимал» деген сөздері қолданылады. Мысалы, «Тұман түседі. Жаңбыр жаууы ықтимал». Ағылшын тіліндегі ауа-райы болжамы қазақ тіліндегідей екі жолмен түсіндіріледі. Біріншіден, жай ғана «will» келер шақтың көмекші сөзі арқылы нақты ақпарат беріледі «It will rain», екіншіден, ақпарат нақты болмаса немесе тәуілік бойы ауа райының өзгеруі күтілсе онда мәтінде ағылшын тілінің грамматикалық ерекшеліктеріне сай модальді етістіктер қолданылады: «It may rain. Tomorrow must be cold. Sunny day can change to foggy one».

Ертеңгі ауа-райы қандай болатыны туралы қашанда халықтың назарында болған. Ал өзгермелі ауа-райы болжамын табудың ең оңай тәсілі әрі жолы – әлі де Бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Телехабарда белгілі бір жанрды қолдану үрдісі адресант пен адресаттың қатысуына қарай жүзеге асады. Теледидарда адресант-мәтін-адресат факторы да өзінің маңыздылығы мен ерекшелінеді. Адресатқа да, адресантқа да –бәріне ортақ әрекет – байланыс, қатынас. Ал байланыс, тілдік қатынас тіл арқылы іске асады. Адамдар арқылы өзара байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті де жүзеге аспайды. Байланыс – тілдік қатынастың негізін жасайтын, оны іске асырушы өзек, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың қажетті шарты. Осы тұрғыдан алғанда, қарым-қатынас орнату барысында хабар жеткізуші – **адресант**, ал хабарды қабылдаушы – **адресат** болады. Адресант өз сөзінің тигізер ықпалын болжай отыра, өзінің түпкі мақсатына жету үшін тыңдарман қабылдауына тиімді баяндау стратегиясын ойластырады және адресаттың білім дүниелерімен санасады. Сөйтіп, күнделікті өмірде телевизия саласындағы ауа-райы болжамы тек ақпараттық тұрғыдан ғана хабардар етпей, сол елдің дәстүрі мен мәдениеті туралы толыққанды мағлұмат бере алады.

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. 1 Том. – Алматы, 1998. 539 б.

2. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. Бас ред. К.Хұсайын. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан даму институты, 1999. 752 б.

3. Борецкий Р.А. Информационные жанры телевидения. – М., 1960. 17 б.

4. Егоров В.В. Телевидение и зритель. – М: Мысль, 1997. 196 б.

5. Юровский А.Л. Телевидение – поиски и решения. – М.: Искусство, 1983. 118 б.

6. Момынова Б.Қ. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы): Филол. ғ. д-ры дис. – Алматы, 1999. 267 б.

В статье рассматриваются особенности жанра прогноза погоды на телевидении на казахском, английском и русском языках.

This article is devoted to the study features of the weather forecast genre on TV used in Kazakh, English and Russian languages.